

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Неліктен Батыс Рим империясы құлады?

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/85651/>

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 1А бөлімі – Рим империясының құлауы Мектеп: «№236 орта мектебі» КММ

Ш.Қ.О, Жарма ауданы, Шуақ ауылы

Күні: Мұғалімнің аты-жөні: Егеубаева Д.А.

Сынып: 6 Қатысқандар: Қатыспағандар:

Сабақтың тақырыбы Неліктен Батыс Рим империясы құлады?

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) 6.3.1.1 «ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін білу және уақыт сызығында белгілеу;

6.3.2.1 Рим империясының ыдырау себептерін анықтау және жіктеу

Сабақтың мақсаты Барлық оқушылар: Орта ғасыр кезеңдерінің хронологиялық шегін зерделеп, уақыт сызығында белгілейді; Батыс Рим империясының құлау себептерін анықтайды;

Оқушылардың басым бөлігі: Картамен жұмыс арқылы ерте және дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттерді көрсете отырып, аталған мемлекеттерге тән ортақ ерекшеліктерді сипаттайды;

Кейбір оқушылар: Батыс Рим империясының саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді құлдырау себептерін талдайды.

Бағалау критерийі Батыс Рим империясының өмір сүрі кезеңіндегі тарихи оқиғаларды анықтайды; Тарихи оқиғалардың хронологиялық шегі бойынша уақыт сызығында белгілей алады; Батыс Рим мемлекетінің құлауының әлеуметтік, саяси, экономикалық, ұзақ және қысқа мерзімді себептерін жіктей алады.

Тілдік мақсаттар

Оқушылар:

Тілдік құзыретті дамыту:

Оқылым: Орта ғасыр кезеңдеріне тән ерекшеліктерді оқулықтан зерделейді.

Айтылым: Батыс Рим империясының әлеуметтік, саяси, экономикалық аяларын талқылайды.

Жазылым: Тарихи оқиғалардың хронологиялық шегін уақыт сызығында көрсетіп,

дереккөзден берілген үзінді бойынша қорытынды пікір шығарады.

Пәнге тән лексика мен терминология: Халықтардың Ұлы қоныс аударуы, варварлар, герман тайпалары, ғұндар, Рим империясы

Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:

Батыс Рим империясының құлауына себепкер факторлар болып табылады.

Батыс Рим империясының құлауына әкелген қысқа мерзімді фактор..... болып табылады.

Батыс Рим империясының құлауына себепкер..... болып табылады. Батыс Рим империясының құлауына себепкер ұзақ мерзімді фактор..... болып табылады.

Құндылықтарға баулу

«Мәңгілік ел» идеясы құндылықтары ішінде: Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы құндылығына баулу

Пәнаралық байланыс Қазақстан тарихы, Ежелгі дүние тарихы

Алдыңғы білім

6.2.2.1 Тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтау

Сабақтың жоспарланған кезеңдері Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері

Ресурстар

Сабақтың басы

2 минут

1 минут

1 минут

3 минут

1 минут

1 минут Ұйымдастыру шаралары (сәлемдесу, оқушыларды түгендеу). 5 -ші сыныпта оқыған ежелгі дүние тарихынан алғағ білімдерін пысықтатып, қандай ежелгі заман ойшылдарын білеміз? сұрап алу. Сол білімдері негізінде, Кофуций, Лао-Цзы, Пифагор атты кеспеқағаздар арқылы 3 топқа бөлу.

№1 Тапсырма /БС/

Кіріспе сабақ болғандықтан 5-ші сыныптан алған білімдерін пысықтау мақсатында:

□ «Ежелгі дүние тарихы» пәні бойынша танысқан мемлекеттерді картадан көрсетіп шығады(Египет, Вавилон, Қытай, Үндістан, Грекия, Рим т.б).

ҚБ: «Бас бармақ» әдісі

№2 Тапсырма /Т, БС/

Т. Мәтінмен жұмыс. Топпен орта ғасыр кезеңдеріне зерттеу жұмысын жасау. Ауызша әр кезеңнің ерекшелігін баяндайды. Орта ғасыр хронологиясын уақыт сызығында көрсету.

1- топ: ерте орта ғасырлар

2- топ: дамыған орта ғасырлар

3 – топ: кейінгі орта ғасырлар

ҚБ: «Тәтті-қатты» әдісі (тәтті – құнды болған бір ақпарат, қатты- түсініксіздеу болған бір ақпарат).

Оқушыларға келесі сұрақтарға жауап беруді ұсыну:

«Миға шабуыл»: біз 5-ші сыныпта Ежелгі дүние тарихын қандай бөлім немесе тақырыппен аяқтадық? Кімнің есінде?

Ендеше бүгін біз қандай мемлекет туралы сөз қозғаймыз?

Бұл мемлекет әлем тарихында қандай рөл атқарды? Сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар жаңа сабақтың мақсатын ашуы керек.

Кеспе қағаздағы суреттер

Дүние жүзінің саяси картасы

Дүниежүзі тарихы, мектеп баспасы, 2018 жыл, 6 сынып, Кокебаева Г.

8-11 бет.

Сабақтың ортасы

7 минут

1 минут

8 минут

1 минут

10 минут №3 Тапсырма /Ж,БС/

Жеке жұмыс. Тарихи дереккөздің фрагменттерімен жұмыс. Дереккөздің мазмұны бойынша қорытындылау, дәптерге жазу, талқылау.

Зерттеу сұрағы: Неліктен Батыс Рим империясы құлады? Ортағасырлық хронист Простеп Аквитанийдің “Рим қаласын басып алу және тонау” атты шежіресінен алынған тарихи дереккөздің үзіндісі

ҚБ: «Мадақтау сэндвичі»

№4 Тапсырма /Ж.Т/ «Кинометафора» әдісі

Оқушыларға Батыс Рим империясының құлауы туралы бейнежазбаны көрсету.

Саралау бойынша тапсырма:

А. Бейнежазба бойынша 2 сұрақ құрастыру.

В. Рим империясының сыртқы және ішкі себептерін талқылайды.

С. Батыс Рим империясының құлауының ең маңызды себепін анықтайды.

ҚБ:«Жарық жұлдыз»

№5 тапсырма.

(Ж) Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма

Төмендегі кестеге Батыс Рим империясының құлау себептерін, салалар бойынша жіктеп жазыңыздар:

Саяси Экономикалық Әлеуметтік

Дескриптор:

1. Батыс Рим империясының құлдырауының саяси себептерін анықтайды;
2. Батыс Рим империясының құлдырауының экономикалық себептерін анықтайды;
3. Батыс Рим империясының құлдырауының әлеуметтік себептерін анықтайды.

Қосымша №1

Ортағасырлық хронист Простеп Аквитанийдің “Рим қаласын басып алу және тонау” атты шежіресінен алынған тарихи дереккөздің үзіндісі

//www.smk.edu.kz

Қосымша №2

«Батыс Рим империясының құлдырауы»

<http://www.youtube.com/watch?v=Y8VB>

[eA9qosw](http://www.youtube.com/watch?v=Y8VBeA9qosw)

Қосымша №3

Тапсырма жазылған үлестірме парақтар

Сабақтың соңы

3 минут

1 минут Рефлексия:«Рефлексифті экран» әдісі

- 1.Бүгінгі сабақтан ұққаным
- 2.Мен үшін жаңалық болғаны.....
- 3.Мен үшін түсінуге қиын болғаны.....
- 4.Сәтті шыққаны.....
- 5.Жетілдіруді қажет ететіні

Үй тапсырмасы:

А. Оқулықтың соңындағы сұрақтарға жауап беру.

В. Оқулықтағы мәтін бойынша 10-15 жабық тест сұрақтарын құрастыру.

С. Батыс Рим империясының құлауына «ПТМС» формуласы бойынша қорытынды жасау.

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? Бағалау – Сіз оқушылардың

материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

Сабақтың мақсатында оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған сабақ мақсатын қойдым.

Оқу материалы мен ресурстар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді. Сонымен қатар, ортағасырлық хронист Простеп Аквитанийдің “Рим қаласын басып алу және тонау” атты шежіресінен алынған тарихи дереккөздің үзіндісі www.smk.edu.kz берілсе, «Кинометафора» әдісі арқылы «476 год — падение Западной Римской империи» атты деректі фильмнен <http://www.youtube.com/watch?v=Y8VBeA9qosw> үзінді көрсетіліп, сараланған тапсырмалар ұсынылды.

Үй тапсырмасы сараланып берілді. Қалыптастырушы бағалаудың психомоторлық/ әлеуметтік аспектісі: Сабақ барысындағы «Бас бармақ», «Тәтті-қатты», «Мадақтау сэндвичі» «Жарық жұлдыз» әдістерін қолдану, жаңа білімнің нақты, маңызды тұстарымен қатар түсініксіз жерлерін де анықтайтындықтан тиімді деп ойлаймын.

Қалыптастырушы бағалаудың танымдық аспектісі: Бағалау критерийі мен дескрипторлар ұсынылады, қалыптастырушы бағалау тапсырмасы оқушының сабақ мақсатына жеткендігін тексеру үшін жасалды. Денсаулық және қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету, яғни оқушыларға электр құралдарымен, кабинеттегі жабдықтармен, АКТ жұмыс істеу барысында қауіпсіздік ережесін сақтауын қамтамасыз ету.

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?

Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?

Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен? Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.

Жалпы бағалау

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге

назар аудару қажет?

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.